АТА- АНАМЕН №1.ХАТТАМА 2022-2023

№6 " АЙСҰЛУ " Бөбекжай бақшасы 16.09.2022. .

КҮН. ТӘРТІБІ:

1. АТА - АНАЛАРМЕН.ТОППЕН ТАНЫСУ.
2. АТА - АНА. ҚҰРАМЫН. САЙЛАУ
3. КҮН ТӘРТІБІ ОНЫҢ ТАЛАПТАРЫ.

1. Мәселе бойынша топ тәрбиешісі Косбергенова С. Ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, Бөбекжай бақшасымен таныстырды.
Бөбекжай бақшада 2 топ жұмыс жасайтынын, оның топтық ерекшеліктеріне тоқталды.
"Қарлығаш " орта топ ата - аналарымен танысу,олармен өзара байланыстар орнатты.
Орта топтың жас ерекшелігіне қарай топтың орналасу тәртібін көрсете отырып, топ бөлмелері мен таныстырды.
Топтағы бала санымен, жас ерекшеліктерін ескертті.
Бөлмелердің жиһаздарын көрсете отырып, қабылдау, ойын - іс - әрекеттер,
Жатын бөлмелерін, жасалған жағдайларымен таныстырды.

2. Ата - аналар құрамын сайлау, оның тәртібі мен мақсатына тоқталды.
Жаңа оқу жылына орай топпен жұмыс жасау мақсатында ата - ана құрамын сайлауға, бала бақша ішілік іс- шараларға, топтық жұмыстарға демеу, қолдау көрсетуге шақырды.
Топта ата - аналар өзара келісіп, ата -ана құрамын сайлады.
Ата – ана құрамының төрайымы болып Мұратбекова Перизат.
Ал, хатшылары Қылышбекова Сақыпжамал мен Әлкенова Назира болып сайланды.
Ата - ана төрайымының және хатшылардың міндеттерін түсіндірді.
Оларға алдағы уақытта еңбектеріне жеміс тілеп, сенімін білдірді.

3. Мәселе бойынша да Бөбекжай бақшаның негізгі оқыту- тәрбиелеу мақсатында құрылымы заман талабына сай тәртібі және уақыты, КҮН ТӘРТІБІ болатынын ескертті.
Топ тәрбиешілері осы талапты негізге ала отырып, ұйымдастырылған оқу- тәрбиелеу бағдарламаларына сәйкес іс- шаралар мен іс-әрекеттер, ойындар,шығармашылық жұмыстар жүргізетінін түсіндірді.
Орта топқа арналған КҮН ТӘРТІБІМЕН таныстырды.
Күн тәртібінің реттілігі мен уақытының аса маңыздылығын түсіндіріп өтті.
Азанғы қабылдау мен оның мақсатын айқындап.талабына аса мән беруге шақырды.
Ұйымдастырылған іс - әрекеттер.олардың турлерін атап негізгі мақсаттарын айтып түсіндірді. Серуен,.ойындар мен процедуралар тәртібіне ,оған қажетті құрал - жабдықтарды тапсырды. Баланы үйге қайтару туралы, атан - аналарға ескертулер мен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Баланы уақытылы ересектермен қайтаруға, оның себеп-салдарымен таныстырып, қауіпсіздік шараларын, жол ережелерін қатаң әрі үнемі сақтауға шақырды.Балалармен топта іс- әрекеттерге, бөбекжай бақша ішілік іс-шараларға қажетті Құралдарды уақытылы жеткізіп отыруды ескертті.

Сканировано с CamScanner

ҚАУЛЫ. ЕТЕДІ:

1. Ата - аналармен топты, оның ерекшеліктерімен танып - білуді, ата - аналармен байланыста болуға

2. Ата - ана құрамымен таныс болу, Балабақшамен байланыста болуға

3. Күн. тәртібі және оның талаптарын унемі орындап отыруға.

Төрайымы: Мұратбекова. П.
Хатшы: Әлкенова. Н.

Сканировано с CamScanner

АТА - АНА ЖИНАЛЫСЫ..

6 " Айсұлу" бобекжай бақшасы 25.10.2022 ж.
2-хаттама

КҮН. ТӘРТІБІ. :

1. Ата - аналарды жаңа оқу жылының Багдарламасымен және ондағы өзгерістермен таныстыру. Бөбекжай бақшасының уакытша меңгеруші қызметін атқарушы Багдәулетова С.

2. Топ балаларының мониторингі мен таныстыру.

3. Әр. түрлі тақырыпта.

1. Мәселе бойынша бебекжай бақшасының меңгерушісі Багдәулетова Свста биылғы жаңа оқу жылының жаңа багдарламасы туралы сөз алды. Әрбір топтың жас ерекшеліктеріне, қарым - қабылетін қарай биылғы бала бақшаға арналган дамыту багдарламасының өзгерістерін әңгімеледі.

Топта өтілетін іс - әрекеттер, оның сипатының өзгергенін түсіндірді. Белгіленген тақырып бойынша барлық іс- еректтерді игеру, камту мақсатының орын алгандығын айтты.

Балалармен барлық дағдыларды игере отырып, жан - жақты дамыту, тәрбиелеу мақсаттарының шешілетінін айтып,
түсіндірді. Осы орайда ата - аналарды балалардың еңбек және дағдыларын қалыптастыру ушін оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуге шақырды. Ата - аналар бірауыздан. қолдаймыз деп
келісімдерін берді.

2. Топ тәрбиешісі Әбілова Манат кіші топ балалары туралы жалпы айтып өтті .топқа сипаттама берді. Әрбір баланың жас ерекшелігіне сәйкес жекек - жеке даму көрсеткішін, дағдыларға байланысты даму деңгейін бақылау, тексеру жұмыстарын жүргізетіні туралы әңгімеледі. Кейбір балалардың ерекшеліктері мен кабылетіне тоқталып, деңгейлерінің жоғары екенін, ал кей баланың өсу деңгейінің сәл төмен екендігін көрсетті. Сол ушін топ тәрбиешілерінің жұмыс жасайтынын, бала дамуының деңгейінің осуіне жұмыстар жасап жатқанын айтты.

Әр баламен жеке жұмыс жасау және уйге берген тапсырмалар мен талаптарды, тапсырмаларды ата- аналар тарапынан орындауға, қолдауға шақырды.
Әрбір дағдылар мен өзіне - өзі қызмет ету және қалыптастыру жұмыстары коса есепке алынатынын түсіндірді.

Сканировано с CamScanner

Мониторингінің ерекшеліктері, тәртібі бала дамуының айнасы - таза көрсеткіші деп көрсетті.
Ойлау, ойнау, ақыл - ойының дамуы мен дене қимылдарының үйлесімділігі де осы мониторингіде көрсетіледі деп аяқтады.

3. Топ тәрбиешісі. Косбергенова Сәуле балалардың ай сайынғы взносы туралы,ондағы өзгерістен таныстырды. Ата - аналарға бала келмеген жағдайда не үшін келмегені туралы хабарлап отыруды тапсырды.
Ауырған жағдайда дәрігерге дер кезінде көрсетуге жене оның ауырғаны жайлы хабарлап отыруын сұрады. Кейбір ата - аналардың хабарласпай қалатынын, оның салдары әр түрлі болатынын ескертті. Ауырғаны туралы дәрігерлік анықтамамен келу керектігін түсіндірді.талап койды.
Әр түрлі аурулардың болуына байланысты, дәрігерлік көмекке жүгінуді ерекше тапсырды.
Егер де баланы уақытша балабақшадан сұрап алғысы келсе, онда өтініш жазып әкелулерін айтты.
Баланың қатысу тәртібінің осындай талаптарын айтып, уақытылы төлем жасау керектігін түсіндірді.
Баланы уақытылы әкелу, алып кету мәселесін әңгімеледі. Ересектермен келу және алып кетуді тапсырды, бала денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау шараларына тоқталды. Үйден келерде баланың қолына майда ойыншықтар, моншақтар сияқты қауіпті заттарды алып шықпауын қауіпсіздікті қатаң сақтауға шақырды. Ата - аналар мақулдап,қолдайтындарын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. АТА - АНАЛАРДЫҢ БИЫЛҒЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛУЫН,

2. ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ҮЛГЕРІМ МОНИТОРИНГІСІ МЕН ТАНЫС БОЛУДЫ, ОНЫҢ ДАМУЫНА УЛЕС ҚОСУҒА,

3. БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУҒА, ҚОЛДАУҒА

ТӨРАЙЫМ : Мұратбекова Перизат
ХАТШЫ. :. Әлкенова. Назира

Сканировано с CamScanner

АТА - АНАМЕН ЖҰМЫС

4 - ХАТТАМА
№6 «АЙСҰЛУ» бөбекжай бақшасы. 09. 12. 22

КҮН. ТӘРТІБІ.

1. ЖАСЫЛ ШЫРША ЕРТЕҢГІЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ТАНЫСТЫРУ.

2. АТА - АНАЛАРМЕН ТОПТЫ БЕЗЕНДІРУ.

3. БАЯНДАМА. "Бала денсаулығы" Медбике : МЕДЕУБАЕВА. АЛТЫНАЙ

1. Мәселе бойынша топ тәрбиешісі Баймырзаева Мәдина ата- аналарды алдағы жаңа жыл мерекесімен құттықтап отбасыларына амандық, еңбектеріне шығармашылық табыстар тіледі. Топ балаларымен және ата- аналармен бірге өтілетін жасыл шырша мерекелік ертеңгілігінің бағдарламасымен таныстырды. Ата - аналар тарапынан бағдарлама барысына қандай алып-қосарлары, қандай қолдау көрсете алатынын сұрады.

Балалардың мерекелік қойылымдарына костюмдер, атрибуттар қажеттігін түсіндірді.
Жеке тақпақтар мен ән және биге арналған киімдерін айтып,үлгілерін, суреттерін көрсетіп, түсіндірді. Ертеңгілік соңынан жаңа жылдық сыйлықтар дайындау туралы хабарлап, оның талапқа сай болуына тоқталды. Балаларға сыйлықтар дайындауда денсаулығы мен қауіпсіздігіне аса мән беруді талап етті.

2. Ертеңгілік орнын атай отырып, ата - аналарға топты мерекелік безендіру жұмысына қатысуға шақырды. Безендіру түрлерімен таныстырып, оның қауіпсіздік ережесіне сәйкес болуын түсіндірді. Топты безендіру жұмысына қатысатын ата- аналар тізімін жасап, тапсырмалар берді. Ата - аналар келісімін берді.

3. БАЯНДАМА. "Бала денсаулығы " Медбике МЕДЕУБАЕВА АЛТЫНАЙ
Бала денсаулығы " баяндамасын оқыды. Ата - аналарға баяндама,оның мақсаты туралы айтты.Ата-аналар тарапынан сұрақтар қойып, оған жауаптар берілді. Баланың бақшаға дені сау,және қауіпсіз келуін қадағалауды тапсырды. Ауырған жағдайда бала бақшаман байланысып, хабарласуына, баланы кешіктірмей дәрігерге көрсетуін өтінді. Түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарымен таныстырды. Алтынай апай ата - аналарға және балаға, қызметкерлерге денсаулық, аманшылық тіледі.

ТӨРАЙЫМ : МҰРАТБЕКОВА П.
ХАТШы : ӘЛКЕНОВА Н.

Сканировано с CamScanner

АТА – АНАМЕН ЖҰМЫС

№3- ХАТТАМА 02.11.2022.

КҮН ТӘРТІБІ.

1. КҮЗ МЕРЕКЕСІ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ТАНЫСТЫРУ

2."АЛТЫН КҮЗ " КӨРМЕ БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

3. АТА-АНАЛАРМЕН ТОПТЫ БЕЗЕНДІРУ.

1. Топ тәрбиешісі Әбілова Манат ата - аналарды алдағы уақытта топ балаларымен және ата-аналармен бірге өтілетін күз мерекесі ертеңгілігі бағдарламасымен таныстырды. Күз мерекесі ертеңгілігіне орай ата- аналардан мерекелік бағдарламаға алып қосарлары бар ма деп қолқа тастады. Ата -ана құрамының төрайымы Мұратбекова Перизат : " Бағдарлама барысына қосыламыз, Осының бәрі балаларымыз үшін,әл " Алтын Күз" көрме байқауына ата - аналар мен балалар түрлі жеміс - жидектермен жұмыс жасап, көрмеге үлесімізді қосамыз " деді. Әбілова Манат топ балаларының қарым - қабылетіне қарай ән, тақпақтар мен би билейтіндерін, Соған қарай киімдер мен шапкалар дайындауды тапсырды.

2."Алтын күз" көрме байқауының мақсатын таныстырып, баланы еңбекке, әсемдікке, шығармашылыққа баулуды түсіндірді. Көрмені әр түрлі заттардан, жеміс - жидектерден, жапырақтар мен басқа да табиғи заттардан, тұқымдардан да жасауға болатынын суреттерден көрсетті. Балалармен біріге отырып не және қалай,немен жасау керектігін балдарға әңгімелеп,көрсете отырып бірге жасауды, баланың тамашалап көруін, әр бөлігін атауға мумкіндік бере отырып, не жасап шыққандары туралы әңгімелесуді тапсырды. Баланы марапаттап, ынталандырып отыруға шақырды. Әрбір жұмыстың тақырыбы мен баланың аты - жөнін толық жазуды тапсырды.

3. Ата - аналарды " Күз Берекесі" ертеңгіліктің атымен таныстырды. Топты ертенгілік тақырыбына сай, мақсатына сай безендіру жұмыстарының әр түрімен суреттер арқылы көрсете отырып, немен, қалай,не мақсатта жасалғанын әңгімеледі.

Безендіру жұмысына қажетті заттарды және оның түрлерін тапсырды. Ата - ана құрамына көрсетіп, ата- аналармен келісе отырып тапсырмалар. берді.

ҚАУЛЫ. ЕТЕДІ:

1. Күз мерекесі бағдарламасымен толық таныс болуды,

2. Алтын күз" көрме байқауына ата -аналар балалармен бірге ұйымдастыруды,

3. Топты мерекелік безендіру жұмысын талапқа сай жүргізуді

Төрайымы : Мұратбекова. П

Хатшы : Әлкенова. Н

Сканировано с CamScanner

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Ата - аналармен топта КІТАП бұрышын ұйымдастыруға,

2. Бала тілін дамытудағы Баяндама бойынша талап – тілектерді орындауға

3. Балалардың тазалығы мен қауіпсіздігін сақтауға,

ТӨРАЙЫМЫ : МҰРАТБЕКОВА. П.
ХАТШЫ : ӘЛКЕНОВА. Н.

Сканировано с CamScanner

АТА – АНАМЕН ЖҰМЫС

5. ХАТТАМА

№6 " Айсұлу" бөбекжай бақшасы.
20. 01. 2023 ж.

1. АТА - АНАЛАРМЕН КІТАП БҰРЫШЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.Баланың тілін дамытудағы ата –ананың орны

логопед : Р. НЫСАНБАЕВА.

3. БАЛАЛАР ТАЗАЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ.

1. Топ тәрбиешісі Мәдина Баймырзаева ата- аналарға топ балаларының жан - жақты дамуы мен өсуі үшін жәнс көркем әдебиеттің маңызы мен пайдасына тоқталды. Әр түрлі ұйымдастырылған іс- әрекеттер, ойындар, серуендер мен бақылау, олармен қатар топта бірнеше еңбек,кезекшілік, ойын бұрышымен таныстырды.

Баланын жеке даму сатысын жоғарылату үшін кітап бұрышын ұйымдастыруды,оның талаптарымен, тәрбиеші алдындағы міндетіне ерекше тоқталып, түсіндірді.

3 жас, яғни орта топ балаларына арналған ертегі, әңгіме, суретті кітаптар, дидактикалық ойындар кітапшаларын және де сурет салуға, жапсыруға, бояуға арналған кітапшаларды көрсете отырып, пайдасын айтты.

Топта кітап бұрышында жеке баламен және топтық жұмыстар жүретінін әңгімеледі.

Ата - аналарға үйде де кітаптар алып берулерін және онымен жұмыс жасау баланын ақыл - ойының дамуына үлкен ықпал етеді деп түсіндірді.

Ата -аналарға кітап бұрышын ұйымдастыруды тапсырды. Ата - аналар бірауыздан келісімдерін берді.

2. Балабақшаның логопеді Роза НЫСАНБАЕВА баланың тілін дамытудағы ата - ананың орны атты баяндамасын оқыды.

Баяндама барысы бойынша ата - аналардың пікірін сұрады. Отбасында ата-ананың, қоршаған

Сканировано с CamScanner

ортаның бала тілінің дамуындағы ролін және оның маңыздылығын айтты. Тілі анық емес және толық сөйлей алмайтын балалармен отбасында қалай жұмыс жасау әдістерін айтып, көркем әдебиеттің, дидактикалық ойындар мен тілге арналған жаттығулардың әр түрлілігін таныстырды.

Балабақшада арнаулы логапедтің жұмысына тоқталып, балабақшада әртүрлі тіл дамыту іс - әрекеті болатынын, әртүрлі бала тілін дамытуға арналған көрнекіліктер мен таныстыра отырып, олармен жұмыс жасау тәсілін көрсетті. Отбасында баламен көп сөйлесуге, жеңіл тапсырмалар беруге шақырды.

3. Топ тәрбиешісі С.Қосбергенова балалар денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы түсіндірме жұмыстарын жасады. Балалар арасындағы жұқпалы аурулардың алдын алуға, жеке гигиеналық күтімдеріне тоқталды.

Баланың тазалығы, тамағы, денсаулығының кепілі екенін,әр бала жеке тұлға екенін айта келіп, қазірден үйретуге, тәрбиелеуге шақырды.

Балалардың үйде, қоғамдық орындарда, балабақшада қауіпсіздігін қатаң сақтау ата - ана мен тәрбиешілердің міндеті екенін қадап айтты.

Баланы балабақшаға ересектермен әкелуді және алып кетуді, бастауыш сынып оқушыларын жібермеуді қатаң тапсырды.

Бала үйден бақшаға әр түрлі қауіпті дәрілер, моншақтар.майда ойыншықтар, басқа да бала өміріне зиянды заттарды ала келеді.осыдан сақ болуды айтты.

Бала ауырған жағдайда және келмеу себептерін балабақшаға дер кезінде хабарлауды ескертті.

Балаға жасына сай және өміріне қауіпсіз ойыншықтарды алуды ұйғарды.

Баланың тазалығын ұқыптылығын сақтауға оның талаптарын орындауды түсіндірді.

Ата - аналармен балабақша байланысын қалыптастыру әдістеріне тоқталып, алдағы уақытта осы талаптарды орындауға бір ауыздан келісті.

Сканировано с CamScanner

АТА – АНАМЕН ЖҰМЫС

6. ХАТТАМА

№6 " Айсұлу" бөбекжай бақшасы.
17. 02. 2023. Жыл

КҮН ТӘРТІБІ.

1. Баяндама " ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ "

Балабақшаның меңгеруші қызметін уақытша атқарушы Бағдәулетова Света.

2. 8- НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ бағдарламасымен таныстыру.

3. ӘР ТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАР

1. Балабақшаның психологі С.Бағдәулетова ата - аналарға "ОТБАСЫ МЕН БАЛАБАҚША ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ" мақаласын оқыды.

Мақала ата - аналарға ұнады. Осындай жұмыстың түрлерімен таныс болғандарын айтты. Психолог балабақша және отбасы қарым-қатынастарының баламен оқыту, тәрбиелеу және жан - жақты дамытуда үлкен үлес қосатынын,пайдасы мен міндеттерін түсіндірді.

Әрбір баланың бір тұлға екенін, онымен жеке жұмыстардың алатын орны туралы әңгімелеп берді.

Бала мен ата- ананың арасындағы байланыстың балабақша жұмысына зор ықпалы бар деді.

Жеке баланың ой - өрісінің дамуына, ортада мінезінің қалыптасуына біріге жасаған жұмыстың нәтижелі болатынын еңбек тәжірибем көрсетіп отыр деп, сол үшін отбасылық ынтымақтастықтың алар орны ерекше екенін ескертті.

Бала мінезі ортада, еңбекте, іс - әрекетте, табиғатта серуенде, ойында қалыптасады. Жеке тапсырмалар мен ойындардың пайдасын,ойнау тәсілдерін көрсетіп,түсіндірді.

Ата - аналар балабақшамен байланыста болатындарын, тапсырмаларды уақытылы ОРЫНДАУҒА келісімдерін берді.

Ата - аналарға баламен үйде жұмыс жасауға арналған кітапшаларды көрсетті, түсініктеме берді.

Сканировано с CamScanner

2. Топ тәрбиешісі. Әбілова Манат ата- аналарды алдағы. 8 наурыз және НАУРЫЗ мерекелері болатынын ескертті.

Топ балаларына арналған 8 наурыз ертеңгілігінің мерекелік бағдарламасымен таныстырды.

Бағдарлама барысына, алып -қосарларыңыз бар ма деп сұрақтар қойды. Ата - аналар тарапынан мерекелік бағдарламаның құрылымына ризашылықтарын білдірді. Балалардың киімдері мен биге арналған киімдерін тапсырды.

Ертенгілікке балалардың түгел қатысуын сұрады және жеке ата - аналарға тапсырмалар берді. Ата - аналар тапсырманы орындауға келісімдерін берді. Ертеңгілік орнын безендіру жұмыстарына шақырды.

3. Топ тәрбиешісі М. БАЙМЫРЗАЕВА ата - аналардан баланы бақшаға уақытылы, таза әкелуді сұрады.

Жеке гигиена көңіл бөлуді сұрады. Жеңіл киімдері мен бөлмеге арналған аяққиімдер әкелуді,оның бала жасына сай болуын айтты.

Ай сайынғы төлемді уақытылы жасап отыруды, оны кешіктірмеу керектігін ескертті.

Балалардың жеңіл спорттық киімдері,оның талаптарын түсіндірді. Бала қауіпсіздігі мен ересектермен келіп кетуін сұрады. Күннің жылуына байланысты киіндіру және серуен құру туралы ақыл - кеңестер берді.

ҚАУЛЫ ЕТТЕДІ:

1. "ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ " баяндамасының мазмұны бойынша талап - тілектерді орындауға

2. 8 НАУРЫЗ ертеңгілігінің бағдарламаға сай өтуіне

3. Бала бақша тәртібі мен бала қауіпсіздігі мен тазағын сақтауға.

ТӨРАЙЫМЫ: МҰРАТБЕКОВА П.
ХАТШЫ: ӘЛКЕНОВА. Н.

Сканировано с CamScanner

№6. "Айсұлу" бөбек-жай бақшасы. 04. 03. 2023ж

№ 7 ХАТТАМА.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. АТА - АНАЛАРДЫ НАУРЫЗ ЕРТЕҢГІЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ТАНЫСТЫРУ.

2. ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ДАЙЫНДАУ.

3. КӨРМЕ ДАЙЫНДАУ.

1. Күн тәртібі бойынша Топ тәрбиешісі М.Баймырзаева ата - аналарды алда келе жатқан Наурыз мерекесінің БАҒДАРЛАМАСЫМЕН таныстырды. Топ балаларының жас ерекшелігіне қарай және жеке қабылеттеріне қарай Ұйымдастырылған ертеңгіліктің жалпы құрылымымен, мақсатын түсіндірді.Дайындық барысында жеке баламен жұмыстардың ерекше орын алатынын және оған ерекше мән беріп, баламен үйде жеке қайталау, орындау жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Бағдарламаға сай балабақшаның топ жұмыстарына топ балаларының түгел қатысуын, оларға қолдау көрсетуге шақырды. Ертеңгілікке ұлттық ойындар ойналатынын, оған топ балалары түгел қатысатынын ескертті.

2. Мәселе балабақша топ тәрбиешісі Қосбергенова С. балаларға Наурыз ертеңгілігіне ұлттық киімдер дайындау керектігін айтты. Қыз балалар мен ер балалардың билеріне қарай жеңіл, ыңғайлы, шақ киімдер, аяқ киім талаптары ескертілді. Биге арналған камшылар дайындау және оны ертерек әкелуді тапсырды. Топта күнделікті дайындық жұмыстарына киімдерін ертерек дайындап әкелуді де айтты.

3. Топта ертеңгілік талабына сәйкес көрме ұйымдастыруды топтың ата - ана құрамына тапсырды. Ата - аналарға көрменің маңызы мен міндеті туралы әңгімеледі. Ұлттық киімдер, төрт түліктер, ұлттық аспабтар және ұлттық тағамдардан көрме ұйымдастыру барысын түсіндірді. Наурыз көженің жасалу жолы туралы балаларға әңгімелеуді тапсырды. Көрме шағын, балалардың жас ерекше ліктеріне қарай түсінікті болуына аса мән беруге шақырды. Ата - аналарға көрме заттарын ертерек әкелін, тапсыру керектігін ТҮСІНДІРДІ.

Сканировано с CamScanner

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Наурыз ертеңгілігімен, жалпы бағдарламасымен таныс болуды. Оның талаптарын орындауды,

2. Ертеңгілікке арналған ултттық киімдер Дайындауды,

3. Ата - аналармен. Наурызға арналған - Көрме Ұйымдастыруды.

Төрайым ; МҰРАТБЕКОВА.П.

Хатшы : Әлкенова. Н

Сканировано с CamScanner

№6" АЙСҰЛУ" бөбек-жай БАҚШАСЫ

АТА – АНАМЕН ЖҰМЫС

№ 8 Хаттама

10. 04. 2023ж

БАДСАБ ЖУЙЕСІНДЕ

КУН ТӘРТІБІ:

1. БАЛАНЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ.

2. БАЛАМЕН СЕРУЕН ҚҰРУ

3. Сұрақ- жауап " Балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? "

Мәселе бойынша топ тәрбиешісі С. Қосбергенова ата – аналарға баланы еңбекке баулу туралы әңгімеледі. Мектепке дейінгі мекемеде баланы Оқыту және тәрбиелеу барысында Күн тәртібінде ЕҢБЕККЕ БАУЛУ ,Оқыту және тәрбиелеу белгіленген. Баланы 3 жастан бастап, өзіне өзі қызмет ету дағдыларына қалыптастыру және еңбек әрекеттерінің негіздеріне баулу көзделген. Алғашқы өзіне өзі қызмет ету қажеттіліктен туындап, келе-келе дағдылар дамиды. Осындай талпыныс кезінен баланың ұмтылысын әрі қарай дамыту және Қалыптастыру үлкендердің қолдауымен жүзеге асады. Балабақшада ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбие жұмыстарымен қоса жүргізіледі. Ойыншықтармен ойнау, көрнекіліктермен жұмыстың негізі еңбектің алғашқы сатысын қалыптастырады. Табиғат бұрышында, топта еңбек ету баланың жан жақты дамуын жетілдіреді. Гүл суару, топырағын қопсыту, шаңын сүрту сияқты еңбекті үлкендердің көмегімен орындай алады. Ата - аналар да баламен от басында қарапайым еңбекке қолдау көрсетіп, жеңіл тапсырмалар бергені абзал. Ауладағы бақта жұмыс кезінде баланың жасына сәйкес еңбек құралдарымен жұмыс жасау әдістеріне баулу, қызықтыру оны еңбекке деген қызығушылығын арттырады. Марапаттап ынталандырып отыру қуанышқа бөлейді. Отбасында Ата - ананың қолдауымен еңбекке баулу баланың ақыл - ойын, Сенсорлық танымын арттырады. Баланың өсіп жетілуіне дене қимылдарының. маңызы өте зор. Үйде төсек орынын ретке келтіру, киімін шкабына ілу немесе жинау баланы жан- жақты дамытады, Еңбекке, әсемдікке баулиды. Үлкендермен еңбек ету баланы адамгершілікке, кішіпейілділікке тәрбиелейді -деп түсіндірді.

Үйде шелектерге гүл егу және бақшада көшеттер отырғызу жұмыстарын баламен бірге орындау өте маңызды.Олардың қойған сұрақтарына жауап беріп, оны түсіндіріп, көрсетіп отыру керек деді.

Олар үлкендерше еңбек етуге талпынады осы кезде ынталандырып отыру қызығушылығын туғызады.

Ата - аналарға баламен еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастыруды, қызықтыруды тапсырды.

Сканировано с CamScanner

2. Топ тәрбиешісі. М.Баймырзаева баламен серуен құру, мектепке дейінгі мекеме педагогтарының күн кестесінен орын алатын тәрбие жұмысына жатады. Әрбір бала - жеке тұлғаны қалыптастыруда серуеннің алатын орны ерекше. Күнделікті үйде, ТОПТАҒЫ оқыту, тәрбие жұмыстарымен бірге күннің бірінші және екінші жартысында балалармен серуен жұмысы қатар жүреді. Баламен үйде де қыдыру, таза ауада серуендер, ойындар ұйымдастыру керек. Аулаға, баққа,табиғатқа баламен серуен құру баланың қоршаған ортамен байланысын, оған деген қызығушылығын арттырады. Таза ауа денсаулық пен көңіл - күй сыйласа, қоршаған орта баланың білімін толықтырып, ортамен байланысын, қарым -қатынасын қалып тастырады деп түсіндірді. Ауладағы балалар ойын алаңында ойнатудың да пайдасы зор. Балалармен үлкендер еңбегін де тамашалау керек, оны тек Ата - аналар және ересектердің көмегімен бақылау абзал.Баламен табиғат аясында жүру, серуен құру кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап қажеттігін ұмытпаған дұрыс.

3. Ата - аналармен сұрақ - жауап ойынын ойнады.

1. Балаңыз қандай болғанын қалайсыз?

2. Қандай ойыншықтар алып бересіз?

3. Қандай мінезін, не қылығын ұнатасыз?

4. Досының қандай болғанын қалайсыз?

5. Үйде баламен ойнайсыз ба?

6. Аулаға шыққанда басқа баламен ойнай ма?

7. Қалай еркелетесіз?

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ;

1. БАЛАНЫ ҮЙДЕ ЖӘНЕ БАЛАБАҚШАДА ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫ ҮЙРЕТУГЕ,

2. БАЛАМЕН ТАБИҒАТТА, ТАЗА АУАДА СЕРУЕНДЕР ҚҰРУҒА,

3. ОЙЫН ТАЛАПТАРЫН УНЕМІ ЕСТЕ САТАП, ОРЫНДАУҒА

Төрайым; МҰРАТБЕКОВА .П.

Хатшы ; Әлкенова. Н.

Сканировано с CamScanner

№ 9. ХАТТАМА

6 " АЙСҰЛУ" бөбек жай бақшасы

05.05.2023.

Күн тәртібі

1. ЖЕҢІС КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ АТА – АНАЛАР ЖӘНЕ БАЛАЛАР ҚОЛ ӨНЕР КӨРМЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2. МАРАПАТТАУЛАР ҰСЫНУ

3. АТА - АНАЛАРМЕН ДЕМАЛЫСТА ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

1. Топ тәрбиешілері Қосбергенова С және Баймырзаева М ата – аналарды алдағы келе жатқан «ҰЛЫ ЖЕҢІС» МЕРЕКЕСІМЕН шын жүректен құттықтап, халыққа бейбітшілік, ашық аспан, отбастарына береке, бірлік, денсаулық пен еңбектеріне толағай табыстар тіледі.
Топ тәрбиешісі Қосбергенова С алдағы Жеңіс күні мерекесіне арнал ған балабақша ішілік іс - шарамен таныстырды оның мақсатына тоқталды, түсіндірді. Жеңіс мерекесіне арналған өлең, тақпақтар жаттауды тапсырды. Топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Жеңіс күні Мерекесіне арналған тәрбие оқыту қызметі өтілгенін хабарлады. Ата - аналарға.
ҰЛЫ ЖЕҢІС Мерекесі құрметіне АТА- АНАЛАР ЖӘНЕ БАЛАЛАР ҚОЛ ӨНЕР КӨРМЕ БАЙҚАУЫН ұйымдастыруды Ата - ана құрамы мүшелеріне тапсырды. Көрме баланың, жас ерекшелігіне сай, түсінікті болуына баса назар аударуға шақырды.

2. Балабақша басшылығы ҰЛЫ ЖЕҢІС мерекесіне арналған Ата – аналар мен балалар қол өнер көрмесін бағалап, МАРАПАТТАР ЖАРИЯЛАДЫ. Топ тәрбиешісі Баймырзаева М. жеңіс күні мерекесімен құттықтай отырып, МАРАПАТТАРДЫ ОҚЫП, ЖҰЛДЕЛІ ОРЫНДАР БЕЛГІЛЕДІ.

Ата - аналардың көрмеге қатысып, балабақша жұмысына қосқан үлестері үшін үлкен ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта бала тәрбиесі үшін еңбектеріне шығармашылық табыстар тіледі.

3. Тәрбиеші С.Қосбергенова балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру және сауықтыру мақсатында сөз алды. Жазда баламен қыдыру, қауіпсіздік ережелері мен денсаулығын сақтаудың маңыздылығын қатаң ескертті. Балалармен серуендер, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар, спорттық ойындар ұйымдастырып, оны бірге өткізу керек деп ескертті.
Бассейндерге суға шомылу, түрлі балалар ойындарына қатыстыру, түрлі отракциондарға апару, таза ауада серуендеу, хайуанаттар паркіне бару, баланың жан - жақты өсіп, ақыл - ойының дамуына үлкен ықпал етеді деп түсіндірді. Баламен демалыс орындарында бау - бақшаны, гүлзарларды бірге аралау,табиғатқа шығу, таза ауа жұту, көбелек қуу, құстарды тамашалау қоршаған ортаны танып білуіне көмектеседі, ойлау қабілеті мен ақыл - ойы, түсінегі қалыптасады деп әңгімеледі.

Ата - аналарға жазғы демалысты Дұрыс та көңілді ұйымдастыруға тілектестігін білдірді.

Сканировано с CamScanner

Қаулы етеді:

1. Жеңіс күніне Көрме ұйымдастыруды

2. Ата - аналармен жазғы демалыста балалармен сауықтыру, демалуды, ұйымдастыруды.

Төрайымы: Мұратбекова П. Хатшы. : Қылышбекова С.

Сканировано с CamScanner